

## КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН САРАПТАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАРЫ

### 1. Білім беру бағдарламалары мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін бағалау

Модульді-құзіреттік тәсілдемеге негізделген жаңа кәсіби білім беру бағдарламасын енгізу барлық оқу үдерісін түбегейлі өзгертуді қажет етеді, себебі дәстүрлі оқытудан модульді-құзіреттік оқыту жүйесі ерекшеленеді. Негізгі өзгешелігі білім алушының кәсіби қызметі мен мансаптық өрлеуі үшін қажетті құзіреттіліктерді игеруге бағытталып, құзіреттіліктерді игеру оқу үдерісін тиісінше ұйымдастыруды талап етеді.

Жаңа кәсіби білім беру бағдарламасына көшу барысындағы басты міндеттердің бірі - студенттердің жетістіктерін бағалау әдістерімен қатар жоспарланған нәтижелер мен міндеттерге сай оқыту технологияларын қолдану бойынша жасалған бағдарламаларға жұмыс берушілердің қатысуымен сыни талдауы мен сараптамасы болып табылады, сонымен қатар бағдарламаның өзектілігі мен заманауилығы да бағаланады.

Бағдарламалар мен ПОӘК тәуелсіз сараптамасын пән саласындағы кәсіби мамандар тобы жасайды. Сараптамаға ұсынылған бағдарламалар келесі құрылымнан тұрады:

1. Бағдарлама сипаттамасы;
2. Бағдарламаның маманданымы және модуль/курс каталогтары;
3. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері;
4. Емтихан сұрақтары және жазбаша жұмыстардың (реферат, дипломдық жұмыстар)

тақырыптары;

Сараптамаға ұсынылған білім беру бағдарламалары оларға қойылатын негізгі талаптарды қанағаттандыруы тиіс:

- бағдарламалар мен ПОӘК білім беру мен ғылым дамуының басым бағыттарына сай болып, инновациялық бағдарланған болу керек;
- жоғары білікті мамандардың күшімен жүзеге асырылу керек;
- қазіргі ақпараттық оқу және оқу-әдістемелік материалдармен жоғары дәрежеде қамтамасыз етілу керек;
- оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын пайдалана отырып жүзеге асырылу керек;
- білім алушылардың кәсіби құзіреттіліктерін игеруін қамтамасыз ету керек.

Алғашқы кезеңде (университет ішінде) ПОӘК-тің құрылымы мен мазмұны талдаудан өткізіледі.

Екінші кезеңде сыртқы сарапшылар ПОӘК сапасын төмендегі көрсеткіштер бойынша бағалайды:

- тақырыптық мазмұнының өзектілігі;
- күтілетін оқыту нәтижелерінің нарық талабына сәйкестігі;
- оқыту нәтижелерінің құзіреттілік-критерийлік бағалануы.

ПОӘК мазмұны мен құрылымының критерийлері мен көрсеткіштерін бағалау төмендегі баллдық жүйеге сай болады:

- 0 балл – критерий көрінбеген кезде, кейде байқалып, әлсіз көрінген кезде;
  - 1 балл - сирек және жеткіліксіз байқалғанда;
  - 2 балл – жиі және жеткілікті көрінгенде;
  - 3 балл – үнемі және анық байқалғанда қойылады.
- Ары қарай қосынды нәтижесі есептеледі.

## 2. Құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелерін бағалау

Бітірушінің құзыреттік үлгісінің шеңберінде білім беру оқытуды студентке бағытталған көзқарасқа қайта бағдарлауды талап етеді, өз кезегінде басымдылықты оқытушыдан білім алушыға қарай; не берілетінінен не оқытылатынына қарай; оқытушы не бергісі келетінінен және нені бере алатынынан болашақ мамандықтың қажеттілігіне қарай аударуды болжайды.

«Оқыту нәтижесі» («learning outcomes») ұғымын 2005 жылы Еуропалық біліктілік құрылымын жасау бойынша Болон үдерісінің жұмыс тобы енгізген. Анықтама бойынша, оқыту нәтижесі – «оқу кезеңі аяқталғаннан кейін білім алушы не білетіні, түсінетіні немесе/және көрсете алатыны туралы күтілетіні тұжырымдар».

Оқытудың болжамды нәтижелері (intended learning outcomes) – оқу үдерісі (бағдарлама, пән, модуль) аяқталғаннан кейін білімін, түсінігін, дағдысын анықтау, яғни оқыту нәтижелері құзыреттілік деңгейді көрсететін құрал және оқу аяқталғаннан кейін студент не білетіні, түсінетіні және оны көрсете алатыны туралы күтілетін тұжырымдама болып табылады. Олар жеке пәнге (модульге) немесе оқыту кезеңіне қатысты болуы мүмкін және кредитті тағайындау үшін қажетті шарттарын анықтайды. Оқытудың болжамды нәтижелерін оқытушы анықтайды.

Оқытудың нақты нәтижелері (actual learning outcomes) – бағдарлама (пән, модуль) аяқталғаннан кейін бағалаудан өткен студенттің көрсетілген білімдері мен құзыреттіліктері.

Оқытудың күтілетін нәтижелері (expected learning outcomes) – біліктілік деңгейін анықтау үшін қажетті оқыту нәтижелерінің үлгілік көрінісі. Біліктіліктің ұлттық шеңберіне негіз болатын күтілетін нәтижелерді жұмыс берушілер кәсіби стандарттарға сәйкес анықтайды.

Білім, түсінік, білік және дағдының динамикалық комбинациясы болып табылатын құзыреттіліктер әртүрлі пәндерді оқыту нәтижесінде қалыптасып, түрлі кезеңдерде бағалануы мүмкін. Құзыреттіліктерді студенттер игеріп қалыптастырады және оларды дамыту оқу бағдарламалардың мақсаты болып табылады. Яғни, кәсіби білім беру бағдарламасының нәтижелері ретінде білім мен біліктіліктің белгілі бір деңгейіне сәйкес жалпы және кәсіби құзыреттіліктер болады.

Құзыреттіліктерді жазған кезде етістіктің мына түрлерін пайдалану қажет: түсіну, ғылыми түсінігі болу, меңгеру, білу, қабілетіне ие болу, дайын болу, ескеру, негіздеу, жетілдіруге тырысу, көзқарасын білдіру және т.б. Сонымен қатар, мақсатқа қарай құзыреттіліктерді зат есімдер арқылы қысқаша сөйлемдер түрінде қабілеттілігі, дағдысы, білімі, дайындығы, түсінігі, ұстамдылығы және т.б. тұжырымдауға болады.

Бітірушінің құзыреттік үлгісінде кәсіби білім беру бағдарламасының ең маңызды құраушысы бітірушінің мамандық бойынша құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін бағалау болып табылады.

Оқыту нәтижелерін, яғни құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін нақты және шынайы бағалау үшін пән (модуль) оқу нәтижелері төмендегі қағидалар бойынша анықталуы тиіс:

- оқыту нәтижелерін анықтауды белсенді етістіктерден бастау қажет (түсіндіру, есептеу, салыстыру, жүйелеу, таңдау және т.б.);
- айқын емес терминдерді қолданбау (түсіну, білу және т.б.);
- 10-нан аспайтын оқу нәтижелерін беру;
- болашақ кәсіби қызметі үшін ең маңыздыларын ескеру;
- жұмыс берушілермен келісу;
- қолда бар қор мен оқыту мерзіміне қол жетімділікті ескеру;
- талапты бір мағынада түсінуге көз жеткізу;
- оқыту нәтижелерінің өлшенетініне көз жеткізу.

Оқыту нәтижелерін бақылау – қол жеткізген оқыту нәтижелері мен берілген оқыту нәтижелерін салыстыру үдерісі.

Оқыту нәтижелерін бағалау – кәсіби білім берудегі білім алушылар мен бітірушілердің жеке оқу жетістіктерін оқыту қызметінің тұтынушыларының талаптарына сәйкестігін анықтау.

Оқытудың кредиттік технологиясына сай осындай бағалауды төрт кезеңмен өткізуге болады:

- сабақтарда бағалау (ағымдық және аралық бақылау);

- жеке пәндік және инструменталды кәсіби құзыреттіліктерді қамтама-сыз ететін пән бойынша емтихандар;

- белгілі бір нақты ғылыми мәселені (міндетті) шешудегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін көрсететін қорытынды мемлекеттік аттестация (диплом жұмысын (жобаны) қорғау);

- кез келген кәсіби салада маманның құзыреттілігін бағалауға мүмкіндік беретін бітірушілерді Жұмыс берушілер ассоциациялары арқылы сертификаттау.

Емтихан бақылау түрі ретінде оқыту нәтижелерін дәл бағалауға ықпал етуі керек. Сондықтан бітірушінің құзыреттілік үлгісі шеңберіндегі пән бойынша емтихан сұрақтары төмендегі талаптарға сай болу керек:

- курстың мақсаты, міндеттері және тақырыптық мазмұнына сәйкестігі;

- ұсынылған құзыреттіліктерге сәйкестігі;

- оқыту нәтижелерін нақты, дәл бағалау мүмкіндігі.

**Құзыреттілік сұрақтары** критерийлік-бағдарлы тұрғыдан әрбір құзыреттілік үшін немесе әрбір құзыреттілік кластері үшін дайындалуы тиіс.

Сұрақтар құзыреттілікке бағдарланған тапсырмалардан тұруы қажет. Тапсырмалардың мазмұны оқу ақпаратын қамтып, жауап алу үдерісі мен тапсырма жауабының мазмұны ЖОО бітірушісінің болашақ кәсіби қызметімен байланыстырылуы қажет.

Сұрақтарды құрастыруда маңызды рөл сұрақтарды тұжырымдауға беріледі. Күрделі, шатасқан сөйлем құрылымдарын, қайталама сөйлемдерді пайдаланбау керек. Сөйлемдер нақты және мағыналас болуы тиіс, қарсы жағдайда студенттер дұрыс емес болжамдар жасауы мүмкін. Кейде сұрақтар құрастырушылар үшін өте айқын болғанымен, студенттер үшін анық болмауы мүмкін, ондай жағдайда сұрақтарды әріптестермен бірге талдап, студенттер арасында кішігірім емтихан (аралық бақылау) жүргізуге болады. Сондай-ақ, сұрақтар мазмұны параграфтар мазмұны мен дәріс тақырыптарын дәлме-дәл қайталамау керек.

### **3. Емтихан сұрақтарын құрастыру үшін ұсыныстар**

1. Пән бойынша емтихан сұрақтарының жалпы саны 50-60-тан кем болмауы тиіс.

2. Емтихан билетіндегі сұрақтардың саны – оқытушының қалауынша 2-5 аралығында болу керек.

3. Емтихан билеттерінің сұрақтары білім алушының жауабы оның нақты оқу нәтижесін игеру деңгейін көрсете алатындай құрастырылуы тиіс.

4. Сұрақтар оқытудың ең түйінді күтілетін нәтижелердің шектеулі санын (пән бойынша 10 нәтижеден аспауы тиіс) анықтауға бағытталу керек. Күтілетін нәтижелерді аясы тар нақты мазмұнға бекіту қажет емес.

5. Емтихан билетін құрастырған кезде оның сенімділігі (білім алушының сұраққа берген жауабы нәтиженің құрылу дәрежесін бағалауға мүмкіндік беруі) мен нақтылығын (білім алушының сұраққа берген жауабы тек бағаланатын нәтижені бағалауға мүмкіндік беруі) қамтамасыз ету қажет.

6. Әрбір емтихан билетінде теориялық білімдерді, оларды қолдана білуді, сыни бағалау мен қорытынды жасай алатындығын анықтайтын сұрақтар (теориялық) және практикалық мәселелерді (есептерді) шешу үшін алынған білімді қолдана алатындығын анықтайтын сұрақтар (практикалық) болуы тиіс.

7. Теориялық және практикалық сұрақтардың күрделілік дәрежесі оқу деңгейлері мен түзілетін құзыреттіліктерге байланысты құрылуы тиіс. Әртүрлі деңгейде бір типтегі құзыреттіліктер оқыту кезеңдеріне байланысты:

<b>Құзыреттіліктер</b>	<b>Бакалавриат</b>	<b>Магистратура</b>	<b>PhD докторантура</b>
Оқылатын пән саласын білу және түсіну керек	Негізгі қағидаларды, кестелерді, үлгілерді, жіктеулерді, анықтамаларды және т.б білу.	Оқылатын пән саласы бойынша ғылыми танымның қазіргі жағдайы мен даму бағыттарын білу.	Оқылатын пән саласын жүйелі түрде түсіну, сол салада қолданылатын зерттеу әдістері шеңберінде терең арнайы білімдер.
	Нақты пән саласындағы аса озық білімдердің элементтерін білу.	Оқылатын пән саласы бойынша ғылыми таным әдіснамасын, ғылыми қызметті ұйымдастыру қағидалары мен құрылымын білу.	Оқылатын пән саласы бойынша ғылыми таным әдіснамасын білу. Оқылатын саладағы ғылыми мектептерді білу, олардың практикалық және теориялық жұмыстарын, ғылыми тұжырымдамалар мен әлемдік жетістіктерін, осы сала бойынша қазақстандық ғылымды, қазіргі тенденциялар мен бағыттарды, оның даму заңдылықтарын білу.
Алған білімді тәжірибеде қолдана білу.	Алған білімді стандартты кәсіби мәселелерді шешу үшін қолдана білу.	Білімді ерекше үлгіде қолдана білу, осы салаға байланысты аса кең салалар (пәнаралық) контексті мен шеңберіндегі мәселелерді шеше білу, кәсіби мәселелерді шешуде ғылыми таным әдістерін қолдана білу, білімдерін ерекше даму үшін және ғылыми зерттеулер контекстінде идеяларды қолдану үшін пайдалана білу.	Ғылыми зерттеу нәтижелерін жүзеге асыра білу, ғылыми сала аумағының кеңеюі үшін жеке зерттеулері арқылы өзінің үлесін қоса білу.
Ақпаратты жинақтай, талдай және түсіндіре білу.	Қажетті ақпарат көздерін сәйкестендіріп, ақпаратты өңдеу мен түсіндірудің адекваттық тәсілдерін білу.	Концепциялар, теориялар және үрдістер мен құбылыстарды талдау тәсілдемелерін сыни талдай білу.	Әртүрлі ғылыми тұжырымдамаларды талдай, бағалай және қорытындылай білу, әртүрлі ақпараттар көзінен ақпараттарды талдай және өңдей білу, жаңа және күрделі идеяларды сыни талдай және бағалай білу.
Кәсіби мәселелерді шешу мен кәсіби қызметті ұйымдастыру үшін алынған білімді біріктіре білу.	Оқылатын пән саласында дәйектерді құрастыра білу және мәселелерді шеше білу.	Бейтаныс жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер шеңберінде алынған білімді біріктіре білу, белгісіз жағдайларда әрекет жасай білу, мәселелер мен міндеттерді шешу үшін ерекше тәсілдемелерді қолдана	Оқылатын пән саласы бойынша қазіргі теориялар мен талдау әдістері негізінде кешенді ғылыми зерттеулер үдерісін жоспарлай және жасай білу, жүзеге асыра және түзете білу қажет. Өзінің жаңа жеке идеяларын тудыра білу,

		білу.	өзінің білімі мен идеяларын ғылыми сала аумағының кеңеюі үшін ғылыми қауымдастыққа хабарлай білуі тиіс.
Пайымдауларды бағалау және қалыптастыра білу.		Толық емес және шектеулі ақпараттар негізінде пайымдаулар беру, қиындықтарды шеше білу.	Ғылыми жобалар мен зерттеулерге сараптама жасай білу.
Өзін-өзі жетілдіру мен білім алуға қабілеттілігі	Күнделікті кәсіби қызмет үшін жаңа білім алу дағдыларын меңгеру және магистратурада білім алу үшін білімін жалғастыру.	Өз бетінше білім алу үшін күнделікті кәсіби қызметте жаңа білім алу дағдыларын кеңейту және докторантурада білім алу үшін білімін жалғастыру.	Өзінің кәсіби дамуы үшін жоспар құрып, оны болжай білу.
Қажетті техникалар, әдістер, қосымшалар, технологияларды және т.б. (инструментал құралдарды) пайдалана білу	Заманауи техниканы қолдана білу, кәсіби қызмет саласында ақпараттық технологияларды пайдалана білу.	Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды жүргізе білу. ЖОО-да арнайы пәндерді және ғылыми зерттеулерді жүргізе білу үшін қажетті шетел тілін кәсіби деңгейде еркін меңгеру. Педагогикалық қызметте жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясының білімдерін қолдана білу. Оқытудың интерактивті әдістерін қолдана білу.	Қазіргі зерттеу жұмыстарын, әдістерін тиімді пайдалана білу. Патентті ізденіс жүргізе білу. Қазіргі технологиялар мен инновациялық технологияларды қолдана отырып, ғылыми ақпаратты жеткізе білу. Ғылыми қарым-қатынас жасауды жүзеге асыру үшін және халықаралық қатынастар үшін шет тілін жетік меңгеру. Ғылыми жаңалықтар мен еңбектерде өзінің жеке интеллектуалдық құқығын қорғау қағидаларын білу. ЖОО мамандарын даярлау мәселелеріндегі құзыреттіліктер.
Әртүрлі мақсатты аудиториялар үшін ақпараттық хабарламаларды (коммуникативтік дағдылар) құрастыра және жеткізе білу.	Мамандарға және маман еместерге ақпаратты, идеяларды, мәселелер мен шешімдерді хабарлай білу.	Қорытындылар мен білімдерін анық және нақты жеткізе білу, оны мамандар мен маман еместерге негіздей білу. Диссертация, ғылыми мақала, аналитикалық жазба және т.б. түрінде ғылыми зерттеу мен аналитикалық жұмыстарды қорытындылай білу. Кәсіби қарым-қатынас және мәдениаралық коммуникация дағдылары. Өзінің ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық жеткізе білу, шешендік өнерінің дағдылары.	Өзінің білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қауымға және ауқымды қоғамға хабарлай білу. Ғылыми жазу және ғылыми қарым-қатынас және мәдениаралық коммуникация дағдылары. Шешендік өнері мен халықаралық ғылыми форумдар мен конференцияларда, семинарларда сөйлей білу.

8. Оқу нәтижесінің деңгейін бағалауға және баға беруге мүмкіндік беретін әрбір сұрақ түріне жауап сапасының шкаласын құру керек. Мысал:

Бағаланатын параметр	Өте жақсы	Жақсы	Орташа	Нашар
Білімі	Сұрақтардың, математикалық идеялардың және үдерістердің толық түсінігін көрсетеді	Сұрақтардың, математикалық идеялардың және үдерістердің барынша түсінігін көрсетеді	Жауап мәселенің шектеулі түсінігін көрсетеді	Жауап мәселені толық түсінбегенін көрсетеді

9. Емтихан сұрақтарын құрастыру бойынша ұсыныстар:

– біріншіден, емтихан сұрағы білім алушыны шатастыру үшін бағытталмауы тиіс, екіншіден – дұрыс жауабын оңай таба алатындай өте қарапайым болмауы қажет;

– емтихан сұрағын құрастыру барысында берілген сұрақ қандай білім деңгейін анықтайтынын ескеру қажет, сұрақтың жауабы білім алушының белгілі бір ақпаратты тек еске түсіріп қана қоймай, оны қолдана білуін талап ететіндей болуы тиіс:

Сұрақ түрі	Нені анықтайды?
«Анықтама беріңіз...», «Атап көрсетіңіз...», «Сипаттаңыз...», «Көрсетіңіз...» және т.б. түрдегі сұрақтар	Белгілі бір ақпаратты тек еске түсіру, оны түсіну міндетті емес. Мысалы: «Ғылыми зерттеулермен байланысты этикалық мәселелерді анықтап, сипаттап беріңіз». «Заңнамалар қашан және қалай өзгереді, оның зардаптары қоғамға қалай әсер ететінін сипаттаңыз». «Туберкулезбен ауыратын адамға күтім жасау талаптарын атап көрсетіңіз»
«Түсіндіріңіз...», «Мысал келтіріңіз...», «Шешіңіз...», «Көрсетіп беріңіз...», «Айырмашылығын көрсетіңіз...», «Анықтаңыз...» және т.б. түрдегі сұрақтар	Игерген ақпаратты (білімдерді) түсіну және түсіндіре білу. Мысалы: «Азаматтық және қылмыстық құқық арасындағы айырмашылықтарды ашып көрсетіңіз». «Электрондық сауданың дамуына кім қатысатынын және оның мақсаттарын анықтаңыз». «Екінші дүниежүзілік соғыс одан кейінгі жылдары қандай экономикалық, әлеуметтік және саяси зардаптарға әкелгенін түсіндіріңіз».
«...пайдаланыңыз», «...табыңыз», «...таңдап алыңыз», «...байланысын анықтаңыз», «... көрсетіңіз» және т.б. түрдегі сұрақтар	Жаңа мәселелерді шешу үшін алған білімдерді пайдалана білу. Мысалы: «19 ғасырдағы Қазақстанда болған ең маңызды оқиғалар бойынша уақыт шкаласын құрыңыз» «Талдау әдістерін таңдаңыз және оны күрделі өндірістік үдерістерде энергияны пайдаланудың үнемділігін бағалау үшін қолданыңыз». «Шағын кәсіпорын үшін өнім сапасын бақылаудың аса жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында өндіріс стандартын өзгертіңіз (кейс-стади)».
«...салыстырыңыз», «...арасындағы байланысты табыңыз», «...сыни бағалаңыз», «...тексеріңіз», «...категориясын анықтаңыз», «...айырмашылығын анықтаңыз», «...талдаңыз», «... негіздеңіз» және т.б. түрдегі сұрақтар	Ақпаратты талдау қабілеттілігі, өзара байланыстарды анықтау және негіздеуші қағидаларды анықтау. Мысалы: «Электронды бизнестің түрлі үлгілері арасындағы айырмашылықтарды салыстырып, табыңыз». «Энергияны қайта өңдеудің экономикалық және экологиялық тиімділігін негіздеңіз».

<p>«...кұрастырыңыз», «...жоспарын жасаңыз», «...жасап беріңіз», «...түрлендіріңіз» және т.б. түрдегі сұрақтар</p>	<p>Жаңасын құру үшін ақпаратты синтездей ала білу. Мысалға: «1917 жылғы Ұлы Қазан төңкерісінің себептері мен салдарын анықтаңыз». «Энергияны үнемдеуді басқару әдістерін қолданумен байланысты мәселелерді шешуге қажетті тапсырмаларды анықтап құрастырыңыз».</p>
<p>«... бағалаңыз», «...шешіңіз», «...болжам беріңіз», «...сыни бағалаңыз» және т.б. түрдегі сұрақтар</p>	<p>Нақты мақсаттар үшін материалдың/ақпараттың сәйкестігін бағалай білу қабілеттілігі Мысалдар: «КСРО тарихындағы тарихи өзгерістер үдерістеріндегі басты тұлғалардың рөлі мен маңызын бағалаңыз». «Электрондық бизнестің түрлі үлгілері үшін маркетингті стратегияларды бағалаңыз». «Электромагниттік индукция саласындағы Майкл Фарадейдің басты үлесін анықтаңыз»</p>

– магистратура мен докторантурада білім алушылар үшін емтихан сұрақтарын құрастыру барысында жоғары деңгейлі білім мен зерттеулерге сүйену қажет.

– магистратура мен докторантурада білім алушылар үшін емтихан сұрақтарын құрастыру барысында пәнаралық байланысты орнату, жаңа және жеткіліксіз ақпараттарды шешу, тиісті білімдер мен әдістерді сыни бағалау қажет, сонымен қатар белгілі бір пән саласы бойынша проблемалық және перспективалық бағыттарды сәйкестендіре білу керек.

**ПОӘК сапасын бағалау**  
**1 -кезең**

Пән \_\_\_\_\_

Модуль \_\_\_\_\_

Мамандық \_\_\_\_\_

ПОӘК құрастырушысы \_\_\_\_\_

№	Құзыреттіліктер	Балл	Ұсыныстар, пікірлер
	<i>Құрылымы</i>		
	- силлабус		
	- дәрістер конспектісі		
	- семинар, практикалық, зертханалық сабақтарға әдістемелік ұсыныстар		
	- СӨЖ-ге әдістемелік ұсыныстар		
	- оқу-әдістемелік әдебиеттермен қамтамасыз ету картасы		
	- бақылау құралдары (емтихан, коллоквиум сұрақтары, бақылау жұмыстары және т.б.)		
	<i>Мазмұны</i>		
	- бағдарламаның өзектілігі және заманауилығы, жана ғылыми зерттеулерді пайдалану		
	- оқытудың болжамды нәтижелерінің білім беру бағдарламасының құзыреттіліктеріне сәйкестігі		
	- оқытудың болжамды нәтижелерінің тақырыптық мазмұнына сәйкестігі		
	- бақылау әдістерінің курс мазмұнына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігі		
	- берілетін құзыреттіліктерге емтихан сұрақтарының сәйкестігі		
	- оқыту нәтижелерін нақты, дәл бағалау мүмкіндігі		
	- оқытудың инновациялық технологияларын пайдалану		
	Барлығы		



**ПОӘК сапасын бағалау**  
**2-кезең**

Пән \_\_\_\_\_

Модуль \_\_\_\_\_

Мамандық \_\_\_\_\_

ПОӘК құрастырушысы \_\_\_\_\_

<b>№</b>	<b>Құзыреттіліктер</b>	<b>Балл</b>	<b>Ұсыныстар, пікірлер</b>
	- бағдарламаның өзектілігі және заманауилығы, жаңа ғылыми зерттеулерді пайдалану		
	- оқытудың болжамды нәтижелерінің білім беру бағдарламасының құзыреттіліктеріне сәйкестігі		
	- оқытудың болжамды нәтижелерінің тақырыптық мазмұнына сәйкестігі		
	- оқыту нәтижелерін нақты, дәл бағалау мүмкіндігі		
	Барлығы		

